

# АТАҒЫ АРТҚАН СПОРТ ФАКУЛЬТЕТІ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің "Дене тәрбиесі және спорт" факультетінде келесі 7 мамандық бойынша кадрлар даярланады: 5B010300 – "Педагогика және психология", 5B010400 – "Бастапқы әскери дайындық", 5B010500 – "Дефектология", 5B010800 – "Дене шынықтыру және спорт", 5B011300 – "Биология" (педагогикалық) және 5B060700 – "Биология" (ғылыми).

Студенттерге білім беру әлемдік стандарттарға сай жүргізіледі. Кредиттік технология, сапа менеджменті, Болон процессі деген білім беру саласындағы жиі қолданатын сөздер, академиялық ұтқырлық, профилді оқыту, дуальді білім беру, білім беру бағдарламасы деген әлемдік білім беру кеңістігіндегі терминдермен ұласып осы тұрғыда факультетте заманауи үлгідегі жұмыстар тыңғылықты атқарылууда. Барлық мамандықтардың студенттерінің Қазақстан республикасының жоғары оқу орындарында, жақын және алыс шет елдердің университеттерінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу мүмкіндігі бар. Соңғы жылдары биология мамандығының студенттері І семестр бойы Туркияның Баялыкесир қаласында, психология мамандығы бойынша студенттер І семестрде Польшаның Гледз қаласында, Ресейдің Мәскеу қаласында сыртқы-шет елдік академиялық ұтқырлық бойынша оқып кайтса, Алматы, Астана, Павлодар қалаларындағы жоғары оқу орындарында студенттеріміз ішкі академиялық ұтқырлық аясында І семестр бойы білім алууда.

Факультет мамандықтары студенттері үшін АҚШ-тан, Туркиядан және Ресейден әйгіл ғылым докторлары, профессорлар арнайы шақырылып, студенттерге лекция оқып, шеберлік класстар өткізуге қол жеткізіліп отыр. Студенттерге дәріс оқуларымен қатар олар кафедра оқытушыларымен бірге ғылыми жобаларға қатысып, конференцияларда бірге баяндамалар жасайды. Факультет оқытушылары да ТМД елдерінің университеттерінде білімін жетілдіруде. Мысалы: "Психология және дефектология" кафедрасынан аға оқытушы А.Айтжанова



"Болашақ" бағдарламасы бойынша І жыл Мәскеу қаласында оқып кайтса, осы кафедрадан 3 оқытушысы, "Жалпы психология" кафедрасының 2 оқытушысы Португалияда Республикалық "Өрлеу" бағдарламасы бойынша бәйбішеліктеріп көтеріп кайтты. Бұл жағдайлар әрине заманауи тұрғыда ғылыми жұмыстардың және білім беру сапасын арттыруға әлемдік деңгейдегі бағдарламалар берері анық.

Биология мамандығы бойынша студенттердің ғылыми тәжірибелік базасы ретінде арнайы "Жылыжай" (теплица) барлықтаған. Жылдың төрт мезгілінде де үздіксіз жұмыс істеп тұратын жылыжай, ондағы түрлі жеміс-жидектер, көкөністер, гүлдер студенттердің тәжірибесімен өсінік алаңы болып табылады. Университеттің №7-ғимарат аяласында арнайы "Ботаникалық бақ" іске қосылып, онда әрбір ағаш пен өсімдік түрлері студенттердің ғылыми және дипломдық жұмыстарының нысаны ретінде бекітіліп берілген.

Бастапқы әскери дайындық мамандығы

бойынша, дене тәрбиесі және спорт мамандығы және биология мамандықтары бойынша студенттердің әскери кафедрада оқып запастағы офицер шенін алуда басқа мамандықтағы студенттерге қарағанда артықшылықтары бар.

Дене тәрбиесі және спорт мамандығы студенттері үшін, жалпы спорт түрлерімен айналысушы ОҚМУ студенттері үшін "Буревестник", "Денсаулық" спорт кешендері, жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп тұрған 50 метрлік жүзу бассейні, жеңіл атлетика манежі, 4 ойын залы, гимнастика залы, 4 ашық спорт алаңы, 2 стадион, 2 теннис корты, 2 күрес, 2 бокс, 2 ауыр атлетикаға арналған залдар бар. Спорттың 21 түрінен спорттық секциялар жұмыс істейді.

Факультет түлектері: А.Юсунова – еңбек сіңірген спорт шебері, Азияның абсолютті чемпионы, Е.Шыналиев – еңбек сіңірген спорт шебері, 2008 Пекин Олимпиадасының қола жүлдегері, Олимпиада ойындарының қатысушылары: Е.Шалыгина,

Б.Жакин – әлем чемпиондары және т.б.

Қазақстан құрама командасының сапында біздің студенттеріміз өткен төрт Олимпиада ойындарына қатысып, еліміздің көк байрағын аспанға желбіретті. 2000 жылы Сиднейде Бекзат Саттарханов бокстан алтын алқа тақса, Мұхтархан Ділдабеков – күміс алқа тақты. 2008 жылы Бейжиңде ауыр атлетикадан Аниа Важеніна – күміс, бокстан Еркебулан Шыналиев – қола, еркін күрестен Елена Шалыгина – қола жүлделерді жеңіп алды. Лондон Олимпиадасының лицезиясын ОҚМУ-нің қатысушысы болды. Олар – еркін күрес бойынша еңбек сіңірген спортшысы Елена Шалыгина, дзю-до бойынша халықаралық дәрежедегі спорт шебері Александра Подрядова, стэндже ату бойынша халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ангелина Мишук, таэквандо бойынша халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұрсұлтан Мамаев.

Ал, соңғы спорттағы біздің

жетістіктеріміз: Елена Шалыгина – Азия чемпионы, еркін күрес бойынша спорт шебері Ержан Дүйсебеков – Азия чемпионатының қола жүлдегері. 2012 жылдың қыркүйек айында дзю-до бойынша өткен әлем кубогінде халықаралық дәрежедегі спорт шебері Александра Подрядова жеңімпаз атанды, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ержан Әбілда армрестлинг (Бразилия, Сан-Паоло) бойынша әлем чемпионы. Таиландта өткен еркін күрес бойынша әлем чемпионатында қола медальді біздің студент Инкэр Ермухамбет иеленді. Бүкіл әлемдік жаздық Универсиадада университетіміздің 5 студенті жеңімпаз атанды.

Спортшыларымыз ҚР жоғарғы оқу орындар арасындағы жазғы Универсиадаға 24 спорт ойындарының түрлері бойынша қатысып жүлдегер атанған (2003, 2005, 2007, 2009); ал 2011, 2013 жылдары бас жүлде және 2-орын иеленген. Жыл сайын университеттің ғылыми Кеңес шешімімен спортты биік нәтижелерге жеткізіп жүрген факультеттегі студенттеріне университеттің 50 гранты бөлініп отырады.

Факультеттегі әр мамандықтар бойынша бітірушілердің болашақ қызмет ету орындары төмендегіше:

Педагогика және психология мамандығы бойынша қызмет ету орындары:

- мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншіктік білім беру мекемелері,
- мектеп, орта кәсіптік оқу орындары (колледждер, гимназиялар, лицейлер),
- мектеп алды оқыту мен тәрбиелеу мекемелері.

Бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша қызмет ету орындары:

- мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншіктік білім беру мекемелері,
- мектеп, орта кәсіптік оқу орындары (колледждер, гимназиялар)
- азаматтық қорғаныс жұмысын ұйымдастыру мекемелері;
- әскери-техникалық үйірмелер мен секциялардың жұмысын басқару;
- ұлттық қауіпсіздік қызметі, әскери бөлімдер, әскери комисариаттар, кеден, ішкі істер департаменті.

Дефектология мамандығы бойынша қызмет ету орындары:

- мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншіктік білім беру мекемелері;
- түзету – арнайы мектеп интернаттар;
- психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері;

- психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мекемелері;

- балалар емханасы, балалар санаториялары;

- жетімдер үйі, балалар оңалту орталықтары, балалар үйі;

- балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік сауықтыру орталығы.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша қызмет ету орындары:

- мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншіктік білім беру мекемелері;
- мектепке дейінгі, мектеп, орта кәсіптік оқу орындары (колледждер, гимназиялар, лицейлер);
- балалардың спорт мектептері мен клубтары.

Биология (педагогикалық) мамандығы бойынша қызмет ету орындары:

- әртүрлі білім беру мекемелері (мектеп, гимназия, лицей, колледж және т.б.);
- ғылыми-зерттеу, кәсіптік бағытындағы пәндер бойынша әртүрлі ғылыми зерттеу мекемелері (ботаника, зоология, анатомия, физиология, биохимия, генетика, биотехнология және т.б.);

Биология (ғылыми) мамандығы бойынша қызмет ету орындары:

- жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу институттары;
- орта мектептер, гимназиялар, колледждер;
- ұлттық парктар, қорықтар, зоопарктар, ботаникалық бақтар;

Құрметті мектеп бітірушілер, мәртебесі биік мұғалім мамандар дайындайтын дене тәрбиесі және спорт факультетіне оқуға шақырамыз. Болашақ бүгінгі күннің таңдауынан басталатынын ұмытпаңыздар.

Ә.Ә.ЖОЛДАСБЕКОВ

п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың дене тәрбиесі және спорт факультетінің деканы